

тазалау процестері әлі де жоқ, қазіргі уақытта кокстеу қондырғылары аз күкіртті шикізатпен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар жерде ғана салынады.

Өнімдердің құрамы мен қасиеттері. Құрамы бойынша газ термиялық крекинг газдарына ұқсас, бірақ та олефинді көмірсутектердің мөлшері біршама аз болады. Кокстеудің аса қатаң режимі кезінде (жоғары температурада) газда қанықпаған көмірсутектердің мөлшері артады. Мысалы, кокстеу температурасын қайнау қабатында 520-дан 540°C-ге дейін арттыру, қанықпаған көмірсутектердің шығымын 45-тен 52%-ға дейін артуына алып келеді.

Бензин құрамында көп қанықпаған көмірсутектер болғандықтан, бұл оларды жеткілікті түрде химиялық тұрақты ете алмайды. Баяу кокстеу бензиндерінің октан сандары 68-72 пункті құрайды. Кокстеу бензиндерінде қанықпаған көмірсутектер мөлшерінің көп болуы (37-60%) оларды мұнайхимиялық өндірістер үшін қажетті өте құнды шикізат етеді (мысалы, оксосинтез үшін).

Керосин-газойльдік фракция (180-350°C, 350-450°C) газтурбіндік отын компоненті ретінде және каталитикалық крекинг шикізаты ретінде қолданылады. 180-350°C фракциясы дизельдік отынға бағытталуы мүмкін.

Ауыр газойль (450°C жоғары фракция) қазандық отын компоненті ретінде қолданылады.

Мұнай коксі халық шаруашылығының түрлі салаларында кең қолданылады. Ол электродтар, жемірлік материалдар, карбидтер, көмірграфитті материалдар, ферроқұймалар өндіру үшін қолданылады. Түрлі өнімдерді өндіру кезіндегі кокстің шығыны мынадай: алюминий үшін - 1 т өнімге 6 т кокс; кремний карбиді үшін - 1,4 т/т; кальций карбидіне - 0,7 т/т; графитке - 1,25 т/т. Мұнай коксіне деген үздіксіз өсіп келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз ету үшін жылына жаңа кокстеу қондырғылары салынууда. Қазіргі уақытта әлемде жылына 15 млн. тонна мұнай коксі өндіріледі.

Қолдану мақсаттарына орай, мұнай кокстеріне түрлі талаптар қойылады. Кокс сапасының негізгі көрсеткіштеріне күкірттің, күлдің, ылғалдың, ұшқыш заттардың мөлшерлері, гранулометриялық құрамы, реакциялық қабілеттілігі, кеуектілігі, меншікті электрлік кедергісі және т.б. жатады. Күкірттің мөлшері бойынша кокстер аз күкіртті (1,0%-ға дейін), орташа күкіртті (1,5%-ға дейін), күкіртті (4,0%-ға дейін), жоғары күкіртті (4,0%-дан жоғары) болып бөлінеді; гранулометриялық құрамы бойынша кокс – түйір-кесек (кесек түйірлерінің өлшемі 25 мм жоғары болатын фракция), "жаңғақ" (6-25 мм фракция),